

Қостанай академиясындағы мереке

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Наурыз мейрамы мерекеленді. Оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және тыңдаушылар аталған мерекеге ат салыса белсене қатысты.

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады.

Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады.

Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған.

Бата - үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: "Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!" - деп бата береді.

Наурыз мейрамы мерекесін Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов құттықтау сөзімен ашты.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Наурыз – жыл басы. Барша қазақстандықтардың ортақ той думаны. Наурыз - ұлылықтың ұйытқысы, жақсының жыршысы, ынтымақтастықпен достықтың белгісі, өмірге нұр сыйлатын күн. Ұлыстың – ұлы күні құтты болсын!», деп айтып кетті.

Іс-шара барысында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, оқуда жан-жақты білімдерімен танымал болып жүрген тыңдаушыларымыз грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, күндізгі оқыту факультетінің 1 курс тыңдаушылары Акерке Мажид, Акерке Кәдірбекова, Меруерт Оразалиева оқу ордасында алып жатқан өнегелі тәрбиесімен, ішкі істер органдарының болашақ офицерге тән жасаған игі істері үшін ерекше марапатталды. Ұлыстың-Ұлы күні қарсаңына орай, полиция полковнигі Мирлан Қызылов оқу ордасының 1 курстың 20 тыңдаушысы алғыс хаттармен марапаттады.

Наурыз мейрамы іс-шарасы басталмас бұрын, Қазақстан Республикасының құрметті мәдениет қайраткері, танымал композитор Қалібек Деріпсалдин атамyz жиналған барша қауымға бата берді.

Наурыз – ортақ той думан демекші, Қалібек Деріпсалдиннің жетекшілігімен тыңдаушылардан құрылған домбыра ансамблі «Ерке сылқым» және «Әлқисса» күйлерін тарту етті.

Шашу — дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұлттық әдет-ғұрпы. Осы іс-шара барысында шашу да шашылды.

Бүгінгі мерекеде тыңдаушылар тек қана ән шырқап, би билеп қана қоймай, қазақ халқының салт-дәстүрлерін де көрсетті.

Сахна алдында оқу ордасының тыңдаушылары былайша айтқанда: 1 курс «Тұсау кесу», 2 курс «Беташар» және 3 курс «Құда түсу» атты қазақтың салт-дәстүрлерін көрсетті.

«Ата салтың – халықтық қалпың» демекші, өз жұртының қадір – қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау – ұлтымызға, елдігімізге сын. Тындар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс – тіршілігіндегі керемет салт – ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндеттің бірі болмақ. Біздің тыңдаушыларымыз осы бағытта тәрбиеленіп, өздерінің күштерімен жиналған қауымға тарту еткен бүгінгі салт-дәстүрлер бәрімізді таң қалдырды.

1 курс тыңдаушыларымен «Тұсау кесу» салт-дәстүрі көрсетілді. Тұсау кесу бала тәй-тәй басқанда жасалатын думанды той болып табылады. Баланың тәй-тәй басқандағы тұсау кесу полиция полковнигі Мирлан Қызыловқа берілді.

2 курс тыңдаушыларымен «Беташар» салт-дәстүрі көрсетілді. Беташар – келін түсіргенде жасалатын салттың бірі.

3 курс тыңдаушыларымен «Құда түсу» салт-дәстүрі көрсетілді. Құда түсу ертеден келе жатқан жарасты дәстүрдің бірі. Ақбоз атқа мініп келген ер жігітіміз өзінің барзарлықтарымен келіп, сүйген жарын ақбоз атта алып кеткен көрініс барлығымызды таң қалдырды. Міне қазақтың ер жігіті!

Аталған салт-дәстүрлерді көрсете отырып, тыңдаушыларымыздың қазақтың салт-дәстүрлерін қаншалықты жақсы білетіндігін, әр көріністе өздерінің биязы сөйлеу мәнерлерін, кішіге - кіші болу, үлкенді сыйлау мінездерін көрдік. Бұл тыңдаушылардың оқу ордасында алып жатқан жақсы тәлім-тәрбиесі.

Салт-дәстүрлерді көрсету барысында, тыңдаушыларымыздан құрылған хореографиялық ұжым «Стиляги», «Казахский танец» атты билерін, «Құс қайтару» күйін және «Қазақ елі», «Жақсы жар», «Қазақстай ел ел қайда», «Наурыз думан» атты өлеңдерін тарту етті.

Көшпелі ғұмыр кешкен біздің қазақ халқы асты өте жоғары бағалап, қастерлей білген. Халқымыз адам өмірінде тамақты тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Сондықтан кез келген қазақы шаңырақтың дастарханын ет тағамдарынсыз елестету мүмкін емес. Осыған орай, іс-шара өз жалғасын, оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамымен және қызметкерлермен даярланған қазақтың ұлттық тағамдарымен жалғасын тапты.

Профессорлық-оқытушылар құрамымен және қызметкерлермен жеті стол даярланды. Осы жеті стол небір қазақтың дәмді де тәтті тағамдарына толы болды. Әр стол басында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің дәстүрлі наурызкөжесі болды. Наурыз көжеге тоқтала кетсем, Наурыз көже – ұлттық

тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т.б.) де қосылады. Ол негізінен бидай көже, тары көже секілді әзірленген (қысқаша Көже). Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: «ақ мол болсын» деген тілек айтып тарқасады. Қазақ халқы әу бастан киелілікке, қасиетті сандарға мән берген. Сол себепті бұл тағамды жеті түрлі тағамнан жасап, молшылық болсын, береке болсын деп ниет жасалған.

Әр стол басы наурыз көжеге, қазақша етке, қуырдаққа, бауырсаққа, сүт тағамдарына және де басқа да көптеген тәтті тағамдарға лық толы болды. Осы мерекеге жиналған барша қауым әр стол басынан дәм татты. Дастархан жайылған столдар бейне бір ауылда өткізіліп жатқан мерекеге айналды.

Бүгінгі тойланып отырған Ұлыстың – Ұлы күні, наурыз мейрамы құтты болсын!

Орынбасар Уақпаева
Академияның Баспасөз қызметінің
баспасөз хатшысы